

Астана қаласында орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер қызметкерлері үшін тұрғын үй салуға үлестік қатысуға және сатып алуға бөлінетін қаражатты пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 наурыздағы N 199 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес, Астана қаласында орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін тұрғын үй салуға үлестік қатысуға және сатып алуға бөлінетін қаражатты тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Астана қаласының бюджетіне мемлекеттік органдардың және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне тұрғын үй салуға және сатып алуда үлестік қатысуға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасы бойынша 616472000 (алты жүз он алты миллион төрт жүз жетпіс екі мың) теңге сомасында көзделген қаражат есебінен оны кейіннен орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген қызметкерлеріне (бұдан әрі - қызметкерлер) бере отырып, Астана қаласында тұрғын үйді мемлекеттік сатып алуды және/немесе үлестік қатысу шартымен тұрғын үй салу жөніндегі жұмыстарды жүргізсін.

2 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) сұратуы бойынша бір апта мерзімде орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген қызметкерлердің тізімдерін ұсынады;

2) Агенттік (келісім бойынша) екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне қызметкерлердің бекітілген тізімдерін береді;

3) оларды кейіннен қызметкерлерге беру үшін орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелерге қызметтікке теңестірілген пәтерлерді бөлуді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы А.А. Тілеубердинге жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК